

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешекономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

2. С.М.Өмірбаев, С.Ж.Ынтықбаева, А.А.Адамбекова, Р.С.Парманова. Мемлекеттік бюджет: Оқулық.- Алматы:Дәуір, 2012
3. 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. 2014 ж. 17 қаңтар.

УДК УДК 338.46

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТУРИЗМДІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕН ҚОЛДАУ

А.Ә. Бейсеуова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – Алпысбаева А.Қ.

Қазақстан үшін пайдалы, әрі перспективасы зор, маңызды салалардың бірі болып туризм табылады. Бүгінгі күні туристтік компаниялардың қызметтерін жаңғырту үшін Қазақстанда бәсекелестік стратегияны жүзеге асыруды дамытудың оптималды жолдарын іздестіру жұмыстары еліміз үшін дұрыс шешім болып отыр. Әрине, туристтік кешен қызметтер сферасына жатқызылады, сол себепті сфераны дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде есептілікті қажет ететін бірнеше даму мәселелері мен ерекшеліктері туындайды. Сондай-ақ, отандық және шетел зерттеу жұмыстары кезінде орын алған теориялық сипаттағы сұрақтар да бар.

Туризмнің экономикалық мәніне нақты анықтаманы сұраныс пен ұсыныс жағынан қарастыруға болады. Сұранысқа ішкі және халықаралық туристік нарық жатады, ал ұсынысқа көлік, туристік көрікті жерлер және бос уақыт түрі, туристік объектілер, қызмет көрсету жүйесі және инфрақұрылымы, сондай-ақ жарнамалық анықтамалық қызметі жатады.

Қазақстан туристік бағыт ретінде әлемде есебі танымалсыз. Осыған байланысты «Қазақстан-2050» стратегиясында [1] және республиканың индустриалды-инновациялық даму бағдарламасында [2] туризм басым бағыт ретінде қарастырылатын болған. Сондықтан да мемлекет жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік саланы қалыптастыру үшін барлық жағдайдың жасалуын жоспарлауда. Бұл оның әлемдік туристік нарығы құрылымына интеграциялануын қамтиды және туризм аясында халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюіне алып келеді.

Қазақстанның бірегей табиғи әлеуеті бар, сол себептен оның туризмнің әр қилы түрлерін дамыту үшін барлық мүмкіндіктері де бар, яғни мәдени-танымалдық, экологиялық, экстремалды, іскерлік, денсаулықты жақсартатын

және басқалар. Халықаралық эксперттер пікірлері бойынша, соңғы жылдары республикада туристік саласының даму жағдайы оның тұрақты дамумен сипатталады.

Бүгінгі күнге саланың жұмыс жасауының нормативті-құқықтық негізі қалыптасқан. Осылайша, Қазақстанда туризмнің құқықтық негізін «ҚР-да туристік қызмет туралы» ҚР-ның Заңы [3], «ҚР-да туризм дамуының Концепциясы» [4], «ҚР-ның үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [5], сонымен бірге саланы дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар қалайды.

Қазақстанның туристік саласы қаржылық құралдармен қатар заңнамалық шаралар көмегімен де ынталандырылады. Бұл бағыттағы маңызды шаралардың бірі – 2012 жылдың қантар айынан бастап енгізілген туристік фирманың қызметін мемлекеттік лицензиялаудың жойылуы.

Бүгінгі таңда Қазақстанда тек қана шетелге шығу туризмі тұрақты дамып келеді. Бірақ шетелге шығу туризмі өз экономикасын дамыту көзқарасы тұрғысынан туризм сегментінің сәтті дамуының көрсеткіші болып саналмайды.

Туризм саласын дамыту бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында туризм сферасында шағын бизнесті қолдауда инфрақұрылымдық қамтуды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды қабылдау керек. Туристік қызметті дамытуда мемлекеттік реттеу және қолдау бойынша инфрақұрылымның дамуы кешендік, салааралық және аймақтық мәселе болып табылады. Бұл мәселені тек қана елдің барлық аймақтарының даму болашағы мен кейбір инфрақұрылымдық салалардың даму міндеттерімен тығыз өзара байланыста шешуге болады. Мұнда туризмнің көпқабаттылығы, сала жағдайының басқа салалардың ағымды жағдайы мен инфрақұрылымына тәуелділігі қойылған міндеттердің шешілуін елеулі қиындатады және зерттеу тақырыбын өзекті етеді.

Жұмыс мақсаты туристік қызметті дамытуда мемлекеттік реттеу мен қолдау механизмін қамтамасыз етуді қалыптастыруға теория-әдіснамалық және стратегиялық көзқарастарды негіздеу, отандық және халықаралық нарықтарда туристік фирмалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша тәжірибелік ұсыныстар жасау болып табылады.

Қазақстан республикасындағы туризмді дамытудың негізгі мәселелеріне SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Елдің табиғи, мәдени, әлеуметтік және экономикалық сипаттамалары</p> <ul style="list-style-type: none"> - тиімді географиялық орналасуы; - табиғи ресурстардың әртүрлілігі; - материалдық және материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерінің сан алуандығы; - тұрақты саяси және мемлекетішілік ахуал; - еңбек нарығының жай-күйі; - өсімі жылдам жалпы ішкі өнім; 	<p>Елдің табиғи, мәдени, әлеуметтік және экономикалық сипаттамалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халық тығыздығының төмендігі; - тарихи және мәдени ескерткіштерді туристік маршруттарға енгізудің жеткіліксіз деңгейі; - туризм саласындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі; - сыртқы қаржыландырудың жеткіліксіздігі; - одан әрі жетілдіруді қажет ететін

<p>- мемлекеттік қаржыландыру мүмкіндігі; электр энергиясы мен құрылыс құнының төмендігі</p> <p>Мүдделі тұлғалар мен серіктестер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мүдделі тұлғалардың ынтымақтастыққа әзірлігі; - мемлекеттік-жеке меншік кәсіпорындар құруға әзірлік; - ұлттық туристік/қонақ үй қауымдастықтарының болуы 	<p>мемлекеттік қолдау құралдары;</p> <ul style="list-style-type: none"> -туристік бизнестің дамуына ықтимал кедергілер; -инфрақұрылымның (көлік, коммуналдық желілер, мемлекеттік шекарадан өткізу пункттері, жолдардың жай-күйі, елді мекендер арасындағы едәуір арақашықтық және т.б.) жеткіліксіз дамуы; - әуебилеттеріне жоғары бағалар, - Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың кластерлік үлгісінде болып айқындалған басты туристік дестинациялар бағытындағы ішкі әуемаршруттар санының аздығы
<p>Мүмкіндіктер</p>	<p>Қатерлер</p>
<p>Индустрия үрдістері: дербес туризм; экологиялық және табиғи туризм; мәдени туризм; арнайы/ қызық оқиғалы туристік өнімдерге сұраныс; неғұрлым жиі және неғұрлым қысқа демалыс кезеңдері; белсенді, сауықтыру және спорттық демалыс; өңір бойынша аз бюджетті сапарлар; турпакеттерді интернет арқылы іске асыру (электрондық сауда).</p> <p>Бәсекелестер: туристік қызметтер көрсету нарығына қолжетімдік (бастапқы ұстаным); бәсекелестерден өзгеше туристік дестинациялардың бірегей жергілікті брендтерін әзірлеу; шағын және орта бизнесті дамыту әлеуеті; өңір елдерімен, соның ішінде шекара бойындағы туризмді дамыту мәселелері бойынша ынтымақтастық;</p> <p>Экономика, экология және технологиялар: Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерінің инфрақұрылымын қамтитын туристік, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды мемлекеттік қаржыландыру және инвестициялау; UNWTO-ға мүшелік; қоршаған ортаны, табиғат пен мәдениетті қорғау туралы хабардар етілгендік; қоршаған орта сапасына қойылатын талаптарды арттыру; қоршаған ортаға негізделген арнайы әсерлер («тәжірибе») жүйесін күшейту; көліктік технологиялар; коммуникация және таратып бөлу саласында инновациялық технологияларды енгізу</p>	<p>Индустрия үрдістері: сапаға қойылатын талаптардың артуы; ұзақ мерзімді саяхаттар мен қысқа мерзімді демалыс үшін Мемлекеттік шекарадағы өткізу пунктерінде бақылау рәсімдерінен өту; үлкен ара қашықтыққа арналған саяхаттардың жоғары құны; саяхаттар нарығын фрагменттеу; бәсекелестерді бөлудің жаңа арналарына қолжетімділік.</p> <p>Бәсекелестер: басқа өңірлердің ұқсас туристік өнімдері; тиімді уәждеу құралдары және ойын-сауық құрылымы; іскерлік сапарлар көлеміне күшті тәуелділік; көліктік қатынастың (әуе, жер үсті) баяу дамуы.</p> <p>Экономика, экология және технология: жаңа әлемдік және өңірлік дағдарыстар; ұлттық қаржыландырудан күшті тәуелділік; валютаның тұрақсыздығы және инфляцияның жоғары деңгейі.</p>

Кейінгі жылдары туризм саласының заңнамалық базасын жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Мысалы, 2012 жылы «Туристік қызмет туралы» ҚР-ның Заңында өзгерістер мен қосымшалар күшіне енді, олар бойынша турагенттік қызметті лицензиялау тәртібі жойылған. Сол жылы Қазақстандық туристік ассоциациясымен ҚР-ның туристік агенттіктерінің бірыңғай реестрін құру туралы шешім қабылданды.

Бірақ соған қарамастан эксперттердің пікірі бойынша, туризмнің дамуын тежеуші бірқатар факторлар бар. Олардың ішінде туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы негізгі фактор болып саналады.

Инфрақұрылымның негізгі факторлары келесідей:

- көлік индустриясы (әуе, су, автомобиль, теміржол көлігі);
- қонақ үй индустриясы (қонақ үйлер, арнайы орналастыру орындар);
- тамақтану индустриясы (мейрамханалар, кафе, бар, асхана, дайын тамақты даярлау бойынша кәсіпорындар);
- ойын-сауық индустриясы (парктер, театрлар, цирктер, мұражайлар).

Туристік инфрақұрылымның маңызды мәселелерінің бірі оның транспорт саласының жағдайы мен қызметінің тиімділігіне тәуелді болуы.

Республикада туристерді тасымалдау әуе, автомобиль және теміржол көлігімен жүзеге асырылады. Туристік компаниялардың басым бөлігі ҚР-ның азаматтарын шетелге аттандырады, шет елдерінің азаматтарын қабылдайды, сонымен қатар ішкі туризм бойынша қызмет көрсетеді. Соңғы 5 жылда жолаушыларды тасымалдау 69,4%-ға өскен. Ел ішінде жолаушылардың көп бөлігі теміржол көлігін пайдаланады. Екінші орынға автомобиль көлігі ие, себебі мемлекет ішінде транспорттық турларды жүзеге асыратын жеке меншіктегі шағын кәсіпорындардың саны көбеюде.

Халықаралық маршруттарда әуе және автомобиль көлігімен тасымалданған жолаушылардың саны шамамен бірдей. Әсіресе әуе қатынастар тасымалдаулары ерекше жоғары қарқынмен өсуде. Отандық әуе компанияларымен бірге халықаралық тасымалдаулармен басқа елдердің әуелік тасымалдаушылары да айналысады; бұл жағдай отандық әуе компанияларына қатаң бәсекелестік жағдайын туғызады. Халықаралық маршруттарда шетел және отандық туристер әуелік қатынастарға артығырақ сенім артады.

Туризм инфрақұрылымының маңызды элементі қонақ үй шаруашылығы болып табылады. ҚР-сы статистика бойынша Агенттігінің мәліметтеріне сай, республикада қонақтарды орналастырумен айналысатын 1273 шағын кәсіпорын және жеке кәсіпкер бар. 2014 жылы олар 2548,9 мың адамға қызмет көрсетіп, 59714,2 млн. теңге көлемінде қызмет көрсеткен. Бүгінгі таңда елде 600 қонақ үй жұмыс жасауда, олардың ішінен тек 17,8%-ы қонақ үйлердің үш-, төрт- және бесжұлдызды нысанына жатады. Туристік сыныптың қонақ үйлерінің рентабельділігі ең жоғары болып табылады; оларға 2-3-жұлдызды, шағын және орташа қонақ үйлер жатады. Бірақ ондай қонақ үйлер өте аз. Туристер үшін ең тартымды орналастыру орындары Алматы және Астана қалаларының, Атырау, Қостанай және Батыс-Қазақстан облыстарының қонақ үйлері болып табылады.

Жалпы республика бойынша 494 демалыс орны бар, олардың ішінде: санаторийлер – 66, қонақ үйлері – 71, демалыс зоналары – 54, демалыс үйлері –

75, туристік базалар – 190, аңшылық үйлері – 11, кемпинг және мотельдер – 27. Бірақ туристік объектілердің шоғырлану орындарында немесе туристік маршруттардың буындарында туристерді орналастыру мүмкіндігінің болмауы елге келуші және ішкі жаппай туризмнің дамуына кері ықпал етеді.

Сонымен қатар, арнайы туристік ақпараттық инфрақұрылым әлі де қалыптасу жағдайында. Мысалы, осы уақытқа дейін туристік реестр және кадастр дайындалмаған. Республикада осы кезге дейін қаншама табиғи, мәдени, тарихи ескерткіштер немесе туристік мағынадағы объектілердің бар екендігі анық белгісіз. Туристік саланың ағымды жағдайын талдау бұл салада мәселелердің бірталай кешенінің барлығын көрсетті. Сондықтан да осы уақытқа дейін Қазақстанның туристік саласы дамудың тұрақты деңгейіне жете алмай отыр. Бұл мәселелер негізінен тартылған инвестициялардың төмен көлемдерімен, инфрақұрылымның қанағаттанарлықсыз жағдайының көп деңгейлі сипатымен, кәсіби кадрларды дайындау жүйесімен, туризм дамуының саяси-басқарушылық аспектілерімен, көрсетілген қызметтің төмен сапасымен байналысты.

Аталған мәселелерді шешу үшін 2020 жылға дейін ҚР-сы туристік саласының даму Концепциясы қабылданды. Концепцияда инвестициялық процестерді ынталандыру негізінде инновациялық, тиімді энергиялық инфрақұрылымды құру басым бағыттардың бірі ретінде белгіленген. Туризм сферасының инвестициялық тартымдылығын жоғарылату бәсекегеқабілетті туристік кешендерді құрумен байланыста болжамдалады. Мұндай жайлар қазақстандық туризмнің әлемдік туристік нарыққа интеграцияланып енуіне мүмкіндік туғызады.

Туризм инфрақұрылымына инвестицияларды тарту үшін туризм индустрия объектілерінде инвестициялық қызметті ынталандыратын ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерді қалыптастыру қажет. Бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіз жағдайында қаржы-қаражаттардың жетіспеу мәселесін мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін енгізу негізінде шешуге болады. Жұмыста ірі инвестициялық жобаларды, сондай-ақ кіші инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда мемлекеттік-жеке серіктестіктің

Отандық және шетелдік инвесторларды тарту үшін келесідей шараларды: жер учаскілерін жалға беруде тиімді шарттар, ерекше экономикалық зонаға инвесторлардың кіруін оңайлатылған процедуралары, әкімшілік қолдау, салықтық жеңілдіктер, төмен пайыздық ставкамен ұзақ мерзімді несиелер, шетелден жабдықтауды алып келу жағдайында шығындарды компенсациялау, шетелдік персоналды жұмысқа алу мүмкіндігін қолдануға болады.

Мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін қала немесе аймақтың туристік тартымдылығының негізгі элементі ретіндегі тарихи және архитектура ескерткіштерін қайта өндеуде пайдалануға болады. Мысалы, егер кешенді орталықтар табиғи, мәдениет және тарихи ескерткіштердің негізінде құрылатын болса бұл механизм тиімді болады. Табиғи ұлттық парктер мен қорықтарда орналасқан мұражайланған ескерткіштер ерекше болашағы бар болып саналады. Мұндай жағдайда мемлекет объектіні пайдалану үшін концессионерге береді, ал ол аталған объектіні белгісіз мерзімде пайдалануға

құқылы. Мемлекет концессионер үшін бюрократиялық шектеулерді азайтады және аралас инфрақұрылымды (жолдарды, әуежайларды, бекеттерді) дамытумен айналысады. Объект құрылысы аяқталған соң, ол мемлекетпен концессионердің біріккен иелігіне өтеді. Болашақта кешенді туристік орталықтың жұмысына мемлекеттің араласуы минималды болу тиіс. Және тек ерекше жағдайларда (жеке меншіктегі ұйымның банкроттығы, заңның бұзылуы, келісім-шарттың орындалмауы) мемлекет объектіні сатып алуға немесе өз қарамағына қайтаруға құқылы.

Туризм сферасындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін жақсарту үшін келесідей ұсыныстар беріледі:

1. Ішкі және сыртқы нарықта ұлттық туристік өнімді жылжытудың ғылыми және жарнама-ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру және дамыту.

2. Салықтық және туристік заңнамалықты жетілдіру бойынша іс-шараларды құру, соның ішінде саланың дамуына бақылауды қамтамасыз ету және мемлекеттік стандартты тұтынушылардың құқығын сақтау.

3. Туризм саласында мақсатты, кешенді жобаларды жүзеге асыратын министрліктер мен ведомстволардың және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған қамтушы жобаларды жүзеге асыратын ведомстволардың іс-әрекеттерін үйлестіру. Осылайша, теміржол саласын дамыту бойынша жобаларды жүзеге асырып жатқан компаниялар туризм саласында жобаларды орындап жатқан компаниялармен өз жобаларын өзара байланыстыру және үйлестірулері керек.

4. Мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін пайдалана отырып тарихи, табиғи ескерткіштері бар аймақтарда кешенді туристік орталықтарды құру. Бұл экологиялық туризмнің дамуына мүмкіндік береді.

5. Туризм сферасында шағын кәсіпкерлікті қолдаудың ұлттық инфрақұрылымын жетілдіру үшін заңнамалық база мен экономикалық шарттарды жасау және дамыту.

6. Туристік салада шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамытудың мониторингін өткізу және іс-шаралар тиімділігін талдау мақсатында кәсіпкерлікке ақпараттық қызмет көрсету жүйесін құру.

7. Мемлекет билігінің барлық деңгейлерінде туризм сферасында шағын кәсіпкерліктің мүдделері мен қажеттіліктер өкілеттілігін қамтамасыз ету.

8. Тұрғындар арасында туризм сферасында шағын кәсіпкерліктің даму маңыздылығын және қажеттілігін жариялау.

9. Шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша туризмнің барлық көпфункционалды элементтерінің өзара үйлестірушілік қызметін күшейту.

10. Туризм сферасында шағын бизнесті қолдайтын ұйымдарды құру және дамытуға бағытталған қызмет түрлерін шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік органның функцияларына міндетті түрде енгізу.

11. Шағын бизнестің жағдайын және дамуын сипаттайтын, объективті және субъективті статистика негізінде есептелінетін көрсеткіштер негізінде туристік бизнесте шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламаларды

жүзеге асырудың тиімділігін жүйелілік бағалау.

12. Шетелден келетін және ішкі туризмді дамыту, миграция, визалық және тіркеу процедураларын, шекара және кедендік бақылауын оңайлату сұрақтарын қарастыратын ұлттық заңнамалықтарды жетілдіру.

Әдебиеттер тізімі

1. www.weforum.org/ttcr
2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. ҚРдағы туристік қызмет туралы Заңы: 2001 жылы 13 маусым айында қабылданған
3. ҚР Үкіметінің қаулысы. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың тұжырымдамасы туралы: 2001 жылы 6 наурыз айында қабылданған
4. ҚР Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама: 2010 жылы 25 ақпан айында қабылданған
5. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМ МАЛОГО БИЗНЕСА В УСЛОВИЯХ РЫНКА

Б.Бекбенбетова, Ж.О. Рыскулова, А.Рахметова

Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан

Принятие управленческих решений является одной из необходимых и составных частей любой управленческой функции. Каждое управленческое решение имеет свой конкретный результат, поэтому целью управленческой деятельности является поиск таких форм, методов, средств и инструментов, которые могли бы способствовать достижению оптимального результата в конкретных условиях и обстоятельствах.

Управленческие решения могут быть обоснованными, принимаемыми на основе экономического анализа или многовариантного расчета, и интуитивными, которые, содержат в себе вероятность ошибок. В этой связи, качество любого управленческого решения всегда зависит от полноты и достоверности информационной базы, на основе которой они разрабатываются.

В нашем случае, для выявления проблемы требующего решения хотелось бы начать с исследования внешних и внутренних факторов влияющих на предпринимательскую деятельность, рисунок 1.

Согласно В.А.Рубе на возможности (или проблемы подразделяются на внутренние и внешние) развития предпринимательства непосредственно влияют внутренняя и внешняя среда, при этом считается, что следует больше внимания уделять внешней среде, т.к. возможности внутренней среды зависят от степени правильного руководства самого предпринимателя [1].